

Төтенше жағдайда әрекет ету режимінде қашықтықтан білім беру технологиялары(ҚББТ) жағдайларында кәсіптік практика бойынша есептерді қорғауды ұйымдастыру тәртібі

1. Академиялық күнтізбеге және ректор бұйрығына сәйкес кәсіптік (өндірістік, диплом алдындағы, оқу) практикадан өткен студент, оны аяқтағаннан кейін, үш күн мерзімнен кешіктірмей, практика жөніндегі кафедра үйлестірушісінің электрондық поштасына электрондық түрде(электрондық портфелио) есеп табыс етеді.

2. Электрондық есептің(электрондық портфелио) құрылымы мен мазмұны ҚҚЭУ-Е- 112-2019 бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасы туралы Ереже және Кәсіптік практика Бағдарламасының есептерін жасау бойынша әдістемелік нұсқаулық талаптарына сәйкес болуы тиіс.

3. Студенттердің есептері студенттердің кәсіптік практикадан өтуі туралы есептерді тіркеудің электрондық журналында(Ф. КП-16-1-23) тіркеледі және ҚҚЭУ-ден тағайындалған практика жетекшісіне және практика бойынша есептерді қорғау жөніндегі комиссия мүшелеріне зерделеу және тексеру үшін жіберіледі.

4. Кәсіптік практиканың барлық түрлері бойынша есептерді қорғау факультет деканының бекіткен кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Практика жетекшілері бейнеконференциялар режимінде сөз сөйлеу және практика бойынша есептерді қорғау процедураларын жазу регламенті туралы студенттерге нұсқаулық береді.

6. Есептерді қорғау, кафедра бойынша практиканы ұйымдастырушының - үйлестірушінің кестесіне сәйкес жоспарланған конференцияда(ZOOM қосымша) онлайн режимде өткізіледі. Конференцияға сілтеме барлық мүдделі қатысушыларға: комиссия мүшелеріне, практика базасының жетекшісіне, студенттерге, деканға, декандардың ОӘЖ жөніндегі орынбасарларына, АДД өкілдеріне және Ресурстық орталыққа жіберіледі.

7. Қорғау рәсіміне практикант қызметінің мазмұны туралы студенттің қысқаша көрсетілімі(презентациясы) және практика бағдарламаларының орындалуы туралы қорытындылар және комиссия мүшелерінің сұрақтары, ұйымнан және университеттен тағайындалған жетекшілердің пікірлері кіреді.

8. Практика бағдарламасын орындамаған, ұйымнан тағайындалған практика жетекшісінің жұмыс туралы теріс пікірін немесе қанағаттанарлықсыз бағасын алған немесе есепті қорғау кезінде қорғауға орынды себепсіз келмеген студент, қайыра оқу курсына немесе жазғы семестрге(бітіретін курс емес) жіберіледі.

9. Практика бойынша есептерді қорғағаннан кейін үш күн мерзімде комиссия мүшелері электрондық ведомоске және Платонус жүйесіне бағаларды қояды.

10. Төтенше жағдай режимі аяқталғаннан кейін кафедралардан тағайындалған практиканы үйлестірушілер COMPLETE и CASTLE жобалары бойынша Ресурстық орталыққа, практиканың ұйымдастырылу және өткізілу сапасы туралы жұмыс берушілер үшін білім алушылар толтырған сауалнаманы тапсыруы тиіс.

11. Төтенше жағдай режимі алынып тасталғаннан кейін бір апта мерзімінде есептер, басылған нұсқада мамандар шығаратын кафедраға табыс етіледі.

12. Кәсіптік практиканың барлық түрлерінен өту бойынша есептерді қорғаудың осы тәртібі Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай режимі алынып тасталғанға дейін қолданылады.